

«01» 10 2021 ж.  
№61 бүйрек  
I-қосымша

## Қалалық «Ұздік онлайн сабак» байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1.1. «Орта және мектепке дейінгі білім беру бөлімі» байқауды сырттай ұйымдастырады. Байқауға ағылшын тілі пәні педагогтері қатыса алады.

#### 1.2. Ұйымдастырушылар:

- Байқаудың ұйымдастыру және сараптау комиссияларын тағайындайды;
- Байқауға ұсынылған құжаттармен, сараптамалық парапттар мен бағалау жұмыстарын жүргізу бойынша алдын-ала байқау ережесін жолдайды;
- Байқаудың қорытындыларын рәсімдейді;
- Байқаудың қорытындыларын қатысуышыларға, жалпы педагогикалық көпшілікке жариялады.

### 2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаты пән мұғалімдерінің шығармашылық белсенділіктерін арттыру, мұғалімдердің қашықтан сабак беру кәсіби деңгейінің өсуі мен әдістемелік шеберліктерін қалыптастыру, білім беру мазмұнын жаңартуда білім сапасын арттыру және білім беру процесінде ғылыми-әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету, пән мұғалімдерінің озық істәжірибелерін анықтау және насиҳаттау.

#### 2.2. Байқаудың негізгі міндеттері:

- заманауи озық технологиялармен жұмыс жасайтын мұғалімдердің озық істәжірибелерін тарату;
- білім берудің заманауи жаңа технологияларын оқу процесіне енгізу;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көтеру;
- шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерге қолдау көрсету;
- педагог кәсібінің мәртебесін арттыру және кәсіби қызметте жоғары жетістіктері бар шығармашыл педагогтерді анықтау.

### 3. Байқаудың өткізу кезеңі

3.1. Сұраныстар мен байқау жұмыстары (сұраныс, ұздік онлайн- сабак үлгісі) 2021 жылдың 25-ші қазанға дейінгі [online.contest2021@mail.ru](mailto:online.contest2021@mail.ru) электрондық почтасына жолдауларының қажет, жіберілген материалдары басқа жерде жарияланбауы қатаң қадағаланады.

3.2. Белгіленген мерзімінен кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды.

3.3. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

#### **4. Бағалау**

- оку мақсаты мен сабақтың мақсатының сәйкестігі;
- интерактивті құралдар мен жана технологиялардың оқыту түрлерін тиімді пайдалану;
- сабақтың практикалық бағыты;
- оқыту материалының жүйелілігі мен бірізділігі;
- бағдарламаның міндеттеріне сәйкес оқыту материалының ашылу әдістәсілдері;
- ресурстарды пайдаланудағы саны мен сапасы;
- тақырыптың толық ашылуы, әдістемелік әдістердің ерекшелігі, ғылымилығы;
- сабақ барысында мұғалімнің ақпарат көздерінің түрлі нысандарын пайдалануды үйымдастыру қабілеті;
- мұғалімнің шығармашылдығы;
- білім беру үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану деңгейі;
- сабақ беру үрдісінде оқушылардың ынтасы мен белсенділік іс әрекетін жоғары деңгейде үйымдастыра білу қабілеті.
- рәсімделуі, безендірілуі;
- мазмұны.

#### **5. Байқауға ұсынылатын жұмыстардың талаптары**

Байқауға ұсынылатын материалдар:

- жұмыс мәтіні компьютерде басылып мынадай құрылымнан тұруы тиіс:
- титул параграфы;
- мазмұны (14 шрифт, Times New Roman).

Титул параграфында мыналар көрсетіледі:

- жұмыс орындаған үйымның толық атауы, қаласы, мектебі;
  - мұғалімнің тегі, аты-жөні;
  - сабақтың атауы.
  - сабақ флипчарты;
- электрондық көрме (сабақтың қысқаша сипаттамасы, слайдтар)

#### **6. Женімпаздарды марапаттау тәртібі**

**6.1.** Женімпаздар қазылар алқасының шешімімен жоғарыда қойылған талаптарға сәйкес анықталады.

**6.2.** Байқау женімпаздары Білім беруді жаңғырту орталығының бағалы сыйлықтармен I, II, III дәрежелі дипломдар және алғыс хаттармен марапатталады.

Байқау корытындысы **2021 жылғы 5 қараша күні** <http://astana-modern.kz/> сайтына жарияланады.

**«Үздік онлайн сабак»**  
қалалық сырттай байқауына қатысуға  
**ӨТІНІМ**

Қатысушының толық аты-жөні	
Білім ұйымының толық атауы	
Лауазымы	
Оқытатын пәні	
Жұмыс өтілі	
Біліктілік санаты	
Электрондық поштасы	
Желілік байланыс нөмері	

**«Үздік онлайн сабак» қалалық сырттай байқауының  
бағалау критерилері**

Аты-жөні:

Білім беру ұйымы:

Тақырыбы:

<b>№</b>	<b>Бағалау критерилері</b>	<b>Балл 1-5</b>
1	Оку мақсаты мен сабактың мақсатының сәйкестігі;	
2	Интерактивті қуралдар мен жаңа технологиялардың оқыту түрлерін тиімді пайдалану;	
3	Сабактың практикалық бағыты;	
4	Оқыту материалының жүйелілігі мен бірізділігі;	

5	Бағдарламаның міндеттеріне сәйкес оқыту материалының ашылу әдіс-тәсілдері;	
6	Ресурстарды пайдаланудағы саны мен сапасы;	
7	Тақырыптың толық ашылуы, әдістемелік әдістердің ерекшелігі, ғылымилығы;	
8	Сабак барысында мұғалімнің ақпарат көздерінің түрлі нысандарын пайдалануды ұйымдастыру қабілеті;	
9	Мұғалімнің шығармашылдығы;	
10	Білім беру үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану деңгейі;	
11	Сабак беру үрдісінде оқушылардың ынтасы мен белсенділік іс әрекетін жоғары деңгейде ұйымдастыра білу қабілеті.	
12	Рәсімделуі, безендірілуі;	
13	Мазмұны.	
14	Ескертулер	
15	Жалпы ұпай	

Сараптамалық кеңес мүшелері:

ҚОЛЫ	АТА-ЖӨНІ
_____	_____
ҚОЛЫ	АТА-ЖӨНІ
_____	_____
ҚОЛЫ	АТА-ЖӨНІ
_____	_____